

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІ

Эмитенттің толық атауы: «QS Holding» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Эмитенттің қысқартылған атауы: Жарғыда көзделмеген

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді

Алматы, 2019 жыл

1 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат.

1) *эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні:*

«QS Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік тіркелген күні (бұдан әрі – «Эмитент») – 2019 жылғы 28 ақпан.

2) *эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда):*

Эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылған жоқ.

3) *эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқаша атауы:*

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Қазақ тілінде	«QS Holding» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	көзделмеген
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «QS Holding»	көзделмеген
Ағылшын тілінде	көзделмеген	көзделмеген

4) *эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі:*

Эмитенттің атауы өзгерген жоқ.

5) *егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі:*

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ.

6) *Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлғалардың филиалдарының (өкілдіктерінің) есепті тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің почта мекенжайлары көрсетіледі:*

Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері жоқ.

7) *эмитенттің бизнес сәйкестендіру нөмірі:*

190240037459.

8) *ISO 17442 "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):*

Жоқ.

2. Егер эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен ерекшеленген жағдайда, байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, эмитенттің орналасқан жер.

- Орналасқан орны: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 115 ғимарат, пошталық индекс 050000.
- Байланыс телефондарының және факс нөмірі: +7 727 325 00 00.
- Электрондық пошта мекенжайлары: QsHolding@yandex.kz.

Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамада көрсетілген мекенжайынан ерекшеленбейді.

2 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША КІРІС АЛУ ТӘСІЛДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Осы облигациялар шығарылымы эмитенттің бірінші облигация шығаруы болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі:

қамтамасыз етусіз купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (бір мың) теңге.

3) облигациялар саны:

18 400 000 (он сегіз миллион төрт жүз мың) дана.

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

18 400 000 000 (он сегіз миллиард төрт жүз миллион) теңге.

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - қазақстандық теңгеде көрсетілген.

Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі борыш сомасының төлемдерін) Облигация ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шоты болмаған жағдайын қоспағанда, Эмитентпен ақшасыз тәртіппен қазақстандық теңгеде жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, негізгі борыш сомасы және (немесе) Облигациялар бойынша есептелген сыйақы сомасы Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгедегі банктік шоты болған жағдайда қазақстандық теңгеде төленеді.

Облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасы бейрезидентінің Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шоты болмаған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы және (немесе) негізгі қарызды төлеу кезінде қазақстандық теңгені АҚШ долларға немесе Еуроға айырбастауға болады. Эмитент тиісті төлем күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушыдан - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен Облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің банктік реквизиттері мен төлем валютасы көрсетілген жазбаша өтінішін алған жағдайда аталған айырбастау жүзеге асырылады. Айырбастау Эмитентке қызмет көрсететін банкпен белгіленген айырбастау бағамы бойынша төлем жүргізілетін күні жүзеге асырылады. Эмитентке қызмет көрсететін банктің қазақстандық теңгені АҚШ долларға немесе Еуроға айырбастау үшін комиссиясы Облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен ұсталады және Облигацияларды ұстаушыға - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға тиісті сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигациялар ақшасыз түрдегі ақшамен төленеді. Облигациялар “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың сауда жүйесінде сауда-саттық жүргізу арқылы орналастырылады. Облигациялар үшін төлем “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялардың номиналды құнынан 23% тең болады. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде бекітілген болып табылады

- 2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет төленеді.

Сыйақы оны алу құқығына ие және сыйақы және (немесе) номиналды құны төленетін кезеңнің соңғы күні басталған мәліметтер бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - “Бекіту күні”).

- 3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:*

Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар айналысы басталған күннен бастап есептеледі. Сыйақы Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде есептеледі және Облигациялар айналысының соңғы күнінде аяқталады.

- 4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Эмитент сыйақыны Бекіту күні басталған күнгі мәліметтер бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Бекіту күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы төлейді.

Төлеу күніне Облигацияның әрбір ұстаушысына төленуге тиісті купондық сыйақы сомасы Облигациялардың тиісті ұстаушысына тиесілі Облигациялардың жалпы индекстелген номиналды құнына купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалар саны мен жуықтау әдісі Биржаның қағидаларына сәйкес айқындалады.

Соңғы купондық кезең ішіндегі купондық сыйақы Облигациялар бойынша негізгі борыш төлемімен бірге төленеді.

- 5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша төлем жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебінен айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде келесі қосымша көрсетіледі:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;*
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иегерінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;*

- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде келесі қосымша көрсетіледі:

- 1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;*
- 2) *секьюритизация мәмілесіндегі оригиналатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *секьюритизация мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;*
- 6) *оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритизация мәмілесін қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) *секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;*
- 8) *талап ету құқықтары біртектілігінің критерийлері;*
- 9) *облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әр түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

3 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ, АЙНАЛЫСЫ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР РЫНОГЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4 БАПТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:

- 1) *облигацияларды орналастыру басталған күн:*

Облигацияларды орналастыра бастаған күні Облигациялар айналысы басталған күн болып табылады.

- 2) *облигацияларды орналастыру аяқталған күн:*

Облигацияларды орналастыру аяқталған күні Облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады.

- 3) *облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигациялар ұйымдастырылған құнды қағаздар нарықта орналастырылады.

9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:

- 1) *облигациялар айналысы басталған күн:*

Облигациялар айналысы басталған күн “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың қағидаларына сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша өткен алғашқы сауда-саттық

жүргізу күні болып табылады. Облигациялар айналысы басталған күн туралы ақпарат “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың интернет-ресурсында жарияланады (www.kase.kz).

2) облигациялар айналысы аяқталған күн:

Облигациялардың айналысы аяқталған күн Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) облигациялардың айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні:

Облигацияларды өтеу кезеңі басталған күн - Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайтын, Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн болып табылады.

2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Негізгі қарыз сомасын өтеу Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні басталған мәліметтер бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Негізгі қарыз сомасы Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Сыйақы оны алу құқығына ие және сыйақы Бекіту күні басталған мәліметтер бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша).

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы және номиналды құнын төлеу өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

Облигациялар шығарылымы үшін “Бағалы қағаздар рыногы туралы” Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдесіндегі № 461-ІІ заңының 15 және 18-4 баптарында белгіленбеген (бұдан әрі - “Бағалы қағаздар нарығы туралы заң”), сатып алудың қосымша талаптары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында облигациялардың эмитент бастамасы бойынша сатып алыну тәртібі көзделмегендігін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібін, талаптары мен мерзімдерінің сипаттамасын құрайды.

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары:

Эмитент өзінің уәкілетті органының шешімі бойынша Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде оларды толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- Мәміле жасасу күні “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-та қалыптасқан нарықтық құнына сүйене отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алған кезде;

- Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде - Эмитент сатып алған кезде оған тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлайтын, Эмитент пен Облигацияларды ұстаушы келіскен баға бойынша.

Эмитент орналастырылған Облигациялар саны туралы ақпаратты (сатып алынғаннан басқа) “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың қағидаларына сәйкес “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-қа жария етеді.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқығын бұзбау керек.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент бүкіл айналыс мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында өзінің сатып алынған облигацияларын қайта сатуға құқылы.

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитент Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешімінің қабылдану күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитариінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлауға міндетті. Жарияланған мәліметтер мына мәліметтерді құрау керек:

- ✓ Облигациялар сатып алынатын нарықты көрсету (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы ақпараттық хабарламаны алғаш жариялаған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кейінгі күні тағайындалуы қажет Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алған жағдайда оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялар үшін төлем ретінде ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен белгіленген күні сатып алады.

Облигацияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, иелік ететін облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін облигация ұстаушылары Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта сатып алған жағдайда, иелік ететін облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін облигация ұстаушылары сатып алу жүргізілетін күні “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың қағидаларымен көзделген тәртіппен “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың сауда-саттық жүйесіне тиісті бұйрық беруге құқылы.

4 ТАРАУ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР), ОЛАР БОЛСА

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

Эмитент Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтау керек:

- а) Эмитент және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу;
- б) Эмитент және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі:

Осы тармақта көзделген кез-келген қосымша ковенант (шектеу) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттаумен осы бұзушылық туралы ақпаратты хабарлауға міндетті. Аталған ақпарат Облигация ұстаушыларына Қаржылық есептілік депозитариінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабарланады.

Облигацияларды сатып алу туралы ең болмағанда бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы сатып алуға жазбаша өтінім алған қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде төмендегі туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алған жағдайда оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялар үшін төлем ретінде ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету;
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге шешімдері.

Эмитент Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешімінің қабылдану күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитариінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлауға міндетті. Жарияланған мәліметтер мына мәліметтерді құрау керек:

- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

- ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алған жағдайда оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялар үшін төлем ретінде ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі;
- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету;
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге шешімдері.

Орналасырылған Облигацияларды сатып алу Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап көп дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Эмитентпен жүзеге асырылады. Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша келесі бағалардың ең жоғарғысы бойынша Облигацияларды сатып алуға міндетті:

- Жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың индекстелген номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша;
- Облигациялардың әділетті нарықтық бағасы бойынша.

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі:

Эмитенттің кез-келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімде танысуға болады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кезкелгенін бұзғаны туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар эмитенттің атына сатып алуға мәлімделген Облигациялар санын көрсетумен оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал эмитент қабылдауға міндетті.

Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешімнің қабылдауы, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімде таныса алады.

Сатып алу ұйымдастырылған нарықта жүргізілген жағдайда өзіне тиесілі Облигацияларды эмитентке сатуды жоспарлайтын Облигацияларды ұстаушы Биржаның ішкі қағидаларында көзделген тәртіппен тиісті сату бұйрығын беру керек.

Сатып алу ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілген жағдайда, Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні Облигацияларды ұстаушы орталық депозитарийдің атына эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын, өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығару бұйрығын беру керек.

Сатып алуға өтініш бермеген, Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген жүгіну мерзімі аяқталған жағдайда тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

5 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КОНВЕРТАЦИЯЛАУ ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ (КОНВЕРТАЦИЯЛАНАТЫН БАҒА ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ)

13. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі;*
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуда жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).*

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.

Бұл шығарылымның облигациялары конвертацияланбайтын болып табылады.

6 ТАРАУ. ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ЭМИТЕНТІ МҮЛКІНІҢ ҚҰНЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ОСЫ МҮЛК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;*
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;*
- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.*

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

Бұл шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

7 ТАРАУ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

- 1) *эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:*

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшалай қаражаттың нысаналы мақсаты келеі жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу болып табылады:

№	Сатып алынатын мүліктің атауы	Сатып алынатын объектінің жалпы сипаттамалары (шаршы көлемі, жер учаскесінің ауданы)	Болжалды сатып алу құны, ҚҚС қосқанда
1	«Kaisar Plaza» сауда-кеңсе орталығы, ғимарат (Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 115)	Жалпы ауданы – 63 920 м2, Жер учаскесі - 0,7010 га	15 млрд. теңге
2	«Maisat» бизнес орталығы, ғимарат (Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 458/1 үй)	Жалпы ауданы - 8 055,6 м2, Жер учаскесі - 0,5232 га, үлесі - 0,4228 га	0,2 млрд. теңге
3	«Kaisar Tower» бизнес орталығы, ғимарат (Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 142 үй)	Жалпы ауданы - 12 040,9 м2, Жер учаскесі - 0,3131 га, үлесі - 0,2939 га	0,5 млрд. теңге
4	«Байсат» сауда орталығы, сауда орталығының ғимараты, әкімшілік ғимараттар, қоймалар (Алматы қ., Северное кольцо к-сі 7 және 7,1)	Жалпы ауданы - 36 258,6 шаршы м. Жер учаскелері - 12,2434 га, үлесі 12,2279 және 0,9379 га	0,6 млрд. теңге
5	«Меғатау» сауда орталығы, ғимарат (Алматы қ., Пушкин/Жібек жолы к-сі, 36/55 үй)	Жалпы ауданы - 14 046,62 м2, Жер учаскесі - 0,7159 га, Үлесі - 0,7135 га	2,1 млрд. теңге
	Барлығы		18,4 млрд. теңге

- 2) *инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.*

Бұл шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Бұл шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

8 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАРЫН ҚОСПАҒАНДА) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ОН ЖӘНЕ ОДАН КӨП ПАЙЫЗЫН ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) акционерлік қоғам сатып алғандарды қоспағанда он немесе одан астам пайызына ие құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

- 1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін):

Эмитенттің жалғыз қатысушысы - Атабаев Тимур Даниярович.

- 2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін):

Қолданылмайды.

- 3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Эмитенттің жалғыз қатысушысы, Атабаев Тимур Даниярович, Эмитенттің жарғылық капиталына қатысудың 100% үлесіне ие.

- 4) эмитенттің құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан астам пайызына ие бола бастаған күні.

2019 жылғы 28 ақпан.

9 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

- 1) эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің төрағасының және мүшелерінің (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса):

Эмитенттің Жоғарғы басқару органы Қатысушылардың жалпы жиналысы болып табылады. Эмитенттің жалғыз қатысушысы Атабаев Тимур Даниярович болып табылады.

- 2) эмитенттің директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер:

Қолданылмайды.

- 3) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Эмитенттің жалғыз қатысушысы, Атабаев Тимур Даниярович, Эмитенттің жарғылық капиталына қатысудың 100% үлесіне ие.

- 4) еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің жалғыз қатысушысына Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялары (қатысу үлестері) жатпайды.

21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

- 1) *атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)^*

Эмитентті ағымдағы басқаратын, Эмитенттің атқару органы Директор болып табылады. Эмитенттің директоры Атабаев Тимур Даниярович болып табылады.

- 2) *атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер:*

- Эмитент директоры Атабаев Тимур Данияровичтің сайланған күні– 2019 жылғы 28 ақпан.
- Эмитент директоры Атабаев Тимур Данияровичтің соңғы 3 жыл ішіндегі және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер:
 - 2014 жылғы 29 шілдеден осы уақытқа дейін - «Bay Shatyr Group» ЖШС директоры, БСН 130840007884;
 - 2019 жылғы 28 ақпаннан осы уақытқа дейін - «QS Holding» ЖШС директоры, БСН 190240037459;
 - 2019 жылғы 25 ақпаннан осы уақытқа дейін «Qaisar Holding Group» ЖШС директоры, БСН 190240031221.
- Эмитент директоры Атабаев Тимур Данияровичтің уәкілеттіктері:
 - эмитент атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;
 - эмитент атынан өкілдік етуге сенімхат береді;
 - эмитенттің жұмысшыларына қатысты лауазымға тағайындау, аудару және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбек төлемінің жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақы және дербес үстемеақы көлемдерін белгілейді, сыйақы төлеу мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза тағайындайды;
 - қатысушы немесе қадағалау органының құзыретіне жатпайтын өзге уәкілеттіктерді не қатысушылар берген уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

- 3) *эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.*

Эмитенттің жалғыз қатысушысы, Атабаев Тимур Даниярович, Эмитенттің жарғылық капиталына қатысудың 100% үлесіне ие.

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) *басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы, оның орналасқан жері;*
- 2) *басқарушы ұйымның атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);*
- 3) *осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек жолы туралы мәліметтер;*
- 4) *осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;*

- 5) *осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.*

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

Қолданылмайды.

10 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) қызметтің негізгі түрі:

Эмитенттің негізгі қызмет түрі Қазақстан Республикасында және шетелде кез-келген жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу, шеттету және жалға беру - меншік иесінің өз жылжымалы және жылжымайтын мүлігін иелену, пайдалану және басқару уәкілетін іске асырудан кіріс алуға бағытталған қызмет болып табылады.

- 2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Сондай-ақ, Эмитенттің жарғысында келесі қызмет түрлері көзделген:

- Қазақстан Республикасында және шетелде кез-келген жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу, шеттету және жалға беру - меншік иесінің өз жылжымалы және жылжымайтын мүлігін иелену, пайдалану және басқару уәкілетін іске асырудан кіріс алуға бағытталған қызмет;
- Инвестициялық қызмет – кіріс (табыс) алу үшін немесе өзге маңызды нәтижеге қол жеткізу үшін өнімді өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге) қаражат салу (немесе инвестициялау);
- Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету - халыққа тұрмыстық қызметтің кең спектрін көрсету қызметі;
- Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсету - тұтынушыға судың берілу тәртібі мен сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ ағын суларын кәріз жүйесіне бұру, жөндеу және ауыстыру;
- Тұрмыстық қызмет көрсету бойынша шаруашылық есептік учаскелерді ұйымдастыру - тұрмыстық қызмет көрсету бойынша шаруашылық есептік учаскелерді құру және ұйымдастыру;
- Көліктік және осы қызметке байланысты қызметтер көрсету - жолаушылар және жүк тасымалдары, жүктерді қоймалау және сақтау қызметтері;
- Сауда-саттық сатып алу қызметі - әртүрлі тауарды сатып алу-сатуға және жеткізуге бағытталған делдалдық қызмет;
- Өнеркәсіптік және халық тұтынатын тауарларды өндіру, сатып алу және іске асыру - коммерциялық мақсатта пайдалануға байланысты тауарларды, сондай-ақ жеке, отбасылық және үйде пайдалану мақсатында халыққа сатуға арналған тауарларды өндіру, сатып алу және іске асыру қызметі;
- Халық тұтынатын тауарлардың көтерме және бөлшек сатылуын ұйымдастыру - тауарларды одан әрі қайта сатумен немесе кәсіби пайдаланумен сату, сондай-ақ соңғы тұтынушының жеке, отбасылық және үйде пайдалануына арналған тауарларды сату;
- Қоғамдық тамақтану пункттерін, азық-түліктік дүкендерді ашу және пайдалану - азық-түлік дүкендерін, асхана, мейрамхана, кафе, киоск, павильон, дүкеншелерді, көшедегі далба дүкендерді және өзге сауда және қоғамдық тамақтану объектілерін ашу және пайдалану қызметі, оның ішінде жылыту, желдету, кәріз, электрмен

жабдықтау, кондициялау, телекоммуникация, өртке қарсы қауіпсіздік, бейне бақылау, көліктік-көтеру жабдығы, жарықтандыру және техникалық қызмет көрсету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамыз ету;

- Сауда үйлерін, мини және әмбебап дүкендерді және т.б. ұйымдастыру және пайдалану - сауда үйлерін, мини және әмбебап дүкендерді ашу, ұйымдастыру және одан әрі пайдалану қызметі, оның ішінде жылыту, желдету, кәріз, электрмен жабдықтау, кондициялау, телекоммуникация, өртке қарсы қауіпсіздік, бейне бақылау, көліктік-көтеру жабдығы, жарықтандыру және техникалық қызмет көрсету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамыз ету;
- маркетинг, инжиниринг, менеджмент, лизинг, «ноу-хау» - маркетинг қызметтерін (позициялау жылжыту, жарнама, сату), инжиниринг қызметі (коммерциялық негізде инженерлік-консультациялық қызмет көрсету, оның ішінде ғылыми-конструкторлық зерттемелерді өндіру дәрежесіне дейін жеткізу қызметін көрсету), менеджмент қызметі (жұмысты басқару, әкімшілеу, ұйымдастыру, бақылау, мотивация), лизинг қызметі (машиналар, жабдық, көлік құралдары, өндірістік құрылымдар және т.б. қалдық құнымен сатып алу мүмкіндігімен ұзақ мерзімге жалға алу), “ноу-хау” қызметі (бәсекелестерден басымдылығын қамтамасыз етуге қабілетті ақпараттық тәсілдемелерді құру);
- Коммерциялық көрмелерді, жәрмеңкелерді және аукциондарды ұйымдастыру және жүргізу - өндірушілер, тұтынушылар, делдалдардың кең ауқымына сұраныс пен ұсынысты реттеуге, тараптардың шаруашылық бастамаларын активтендіруге жәрдемдесетін тікелей коммерциялық байланысқа түсуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;
- Құрылысты жобалау және конструкциялау - бас жоспарды әзірлеу қызметі, ғимараттар, құрылымдар мен олардың кешендерін сәулет-құрылыс және технологиялық жобалау, инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау, сметалық құжаттаманы дайындау, құрылыс конструкцияларын, тораптарды, бөлшектерді, іргетастарды дайындау;
- Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау - инженерлік жүйелер мен желілердің сәулет жоспарын әзірлеу, конструктивтік шешімдерді таңдау, ішкі және сыртқы инженерлік жүйелерді жобалау;
- Жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу - қоршаған ортаға әсерін бағалау, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, энергия тиімділігі, әлеуетті қауіпті құрылыс объектілерін сәйкестендіру, құрылысты ұйымдастыру жобасы сияқты жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу;
- Технологиялық жобалау - құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қажетті технологиялық шешімдерді әзірлеу;
- Сараптамалық жұмыстар - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің саласында сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру;
- Құрылысқа арналған іздестіру жұмыстары - жобаланатын құрылыс ауданының, алаңының, учаскесінің, жолының табиғи жағдайын, жергілікті құрылыс материалдарын және сумен жабдықтау көзін кешенді зерттеу үшін және табиғи ортасының тиімді пайдаланылуын және қорғалуын есепке ала отырып, объектілерді жобалау және салу кезінде экономикалық мақсатты және техникалық негізді шешімдерді әзірлеу үшін қажетті және жеткілікті материалдарды алу үшін, сондай-ақ кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану ықпалымен табиғат ортасының өзгерістерінің болжалын жасау үшін мәліметтер алу үшін жүргізілетін жұмыстарды жүзеге асыру;
- Жолдарды салу, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары - жолдарды салу бойынша құрылыс-монтаждау және инженерлік жұмыстар, жолдар мен жол құрылымдарының бұзулыуын ескеру және түзету бойынша жөндеу жұмыстарының кешені, қозғалу үшін қауіпті жол ақаулықтарын жою жұмыстары, жолдардың жол жабынының тегістілігін қалпына келтіру, жол және жол құрылымдарының бастапқы

пайдалану сапасын қалпына келтіруге байланысты жұмыстарды орындау, жол және жол құрылымдарының көліктік-пайдалану жағдайының жоғарылауына байланысты жұмыстарды кезеңмен орындау, атап айтқанда жолдың қолданыстағы техникалық санатының нормалары шегінде жол киімі мен жол құрылымдарының беріктігін жоғарылатуға байланысты жұмыстарды орындау;

- Ғимараттарды салу - объектіні қолданысқа енгізу үшін қажетті құрылыс-монтаждау және инженерлік жұмыстар кешенін жүзеге асыру;
- Құрастыру конструкцияларын монтаждау және орнату - монтаждау элементтерін объектінің түрі мен сипаттамасына тәуелді әртүрлі тәсілмен жобалау қалыбына орнату;
- Сыртқы экономикалық қызмет - зияткерлік меншік тауарларымен, жұмыстарымен, қызметтерімен, ақпаратпен және нәтижелерімен халықаралық алмасу саласындағы қызмет;
- Кәсіпорындарды басқару - кәсіпорындарды басқару қызметтерін көрсету қызметі, оның ішінде қызметкерлер құрамының әрекеттерін жобалау, ұйымдастыру, мотивациялау, бақылау және реттеу, кәсіпорынның стратегиялық мақсаттары мен тактикалық міндеттерін қою, басқару шешімдерін қабылдау және олардың орындалуын қамтамасыз ету процестерін ұйымдастыру;
- Құрал-саймандарды өндіру - қолдану мүмкіндіктеріне, тапсырыс берушінің қалауына, пайдаланылатын материалдар мен өндіру тәсілдеріне тәуелді әртүрлі құрал-саймандар мен пішіндерді дайындау қызметі;
- Жеңіл материалдар қаптамасын өндіру - жеңіл материалдардан қаптау ыдысын дайындау (пластик, металл, алюминий, біріктірілген материал, картон, қағаз), оның ішінде техникалық тапсырманы, жобалау конструкторлық құжаттаманы, жұмыс конструкторлық құжаттаманы дайындау, қаптаманың рәсімделуін таңдау, қаптаманы өндіру;
- Делдалдық және сауда-коммерциялық қызметі - тауарларды сатып алу-сатуға байланысты және арасында жасалған келісім және жеке тапсырма негізінде (дайындама, жабдықтау-өткізу және сауда қызметі) сауда делдалына тәуелсіз жеткізушінің (өндірушінің немесе экспорттаушы/импорттаушы) тапсырмасы бойынша орындалатын операцияларды жүзеге асыру;
- Жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу - объектіні таңдау, сатып алу-сатуды рәсімдеу үшін, сатып алу-сату мәмілелерін рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды дайындау, меншік құқығын тіркеу;
- Экспорт-импорт операциялары - шекара арқылы әкету/әкелумен тауарларды сатып алу/сату мәмілелерін жүзеге асыру;
- Заңмен белгіленген тәртіптегі сыртқы экономикалық қызмет - зияткерлік меншік тауарларымен, жұмыстарымен, қызметтерімен, ақпаратпен және нәтижелерімен халықаралық алмасу саласындағы қызмет;
- Көтерме-бөлшек сауда - тауарларды одан әрі қайта сатумен немесе кәсіби пайдаланумен сату, сондай-ақ соңғы тұтынушының жеке, отбасылық және үйде пайдалануына арналған тауарларды сату;
- Делдалдық және сауда қызметі - тауарларды сатып алу-сатуға байланысты және арасында жасалған келісім және жеке тапсырма негізінде (дайындама, жабдықтау-өткізу және сауда қызметі) сауда делдалына тәуелсіз жеткізушінің (өндірушінің немесе экспорттаушы/импорттаушы) тапсырмасы бойынша орындалатын операцияларды жүзеге асыру;
- Ғимараттар мен құрылымдардың негізгі және қоршайтын құрылымын салу - металды конструкцияларды монтаждау, арматура, болат сұйыққоймаларын, көпірлер мен көпір аралықтарының негізгі конструкцияларын орнату, негіздері мен бағаналы жұмыстарды жүргізу, монолиттіктерді жайлатыру, сондай-ақ құрастырылатын бетонды және темірбетонды конструкцияларды монтаждау, қабырғалар мен аралықтардың даналы элементтерін қалау, ойықтарды толтыру, шатыр жұмыстары;

- Арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары - негіздер, бағаналы негіздерді жайластыру жұмыстары, суды азайту жұмыстары, бет үсті науа мен су бұруды ұйымдастыру;
- Сыртқы инженерлік желілер мен құрылымдарды жайластыру жұмыстары - сыртқы электр желілерін, сыртқы байланыс желілерін, сыртқы газ құбырын, жылу желісін, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау, кәріздің сыртқы желісін жайластыру жұмыстары;
- Ішкі инженерлік желілерді жайластыру жұмыстары - ішкі электрмен жарықтандыру және электр желісін, ішкі газ құбырын, байланыс, жылыту желісін, ішкі кондициялау және желдету, сумен жабдықтау, кәріз желісін жайластыру;
- Ғимараттар мен құрылымдарды салу, қайта конструкциялау, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары - ғимараттар мен құрылымдарды ішкі және сыртқы әрлеу, интерьерді әрлеу, ғимараттар мен құрылымдардың жағдайын жақсарту, инженерлік желілерді ауыстыру жұмыстары;
- Технологиялық жабдықты монтаждау - технологиялық жабдықты дайындау, құрастыру және монтаждау жұмыстары, іске қосу реттеу жұмыстары;
- Технологиялық жабдықты іске қосу реттеу жұмыстары - жабдықтың пайдалану мүмкіндіктерін, монтаждау нақтылығын және жобалау құжаттамасында көрсетілген орналастыруға сәйкестігін толық тексеру;
- Құрылыс материалдарын өндіру, іске асыру, экспорт-импорт - шекарадан әкету/әкелумен құрылыс материалдарын дайындау және өткізу;
- Инвестициялық қызмет - кіріс (табыс) алу үшін немесе өзге маңызды нәтижеге қол жеткізу үшін өнімді өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге) немесе өзге түрде пайдалануға қаражат салу (немесе инвестициялау);
- ҚР қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшы болмайтын өзге қызмет түрлері.

Эмитент маусымдық сипаттағы қызметті жүзеге асырмайды.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің бәсекелестері мына ұйымдар болып табылады:

- «Estate Management Company» АҚ;
- «Mercury Properties» ЖШС;
- «Глобал Девелопмент» ЖШС;
- «Management Service Brokerage» ЖШС;
- «Mega Center Management» АҚ;
- «Eurasia RED» ЖШС;
- «Arcada компаниялар тобы» ЖШС.

4) *эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар:*

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар жылжымайтын мүлік нарығының конъюнктурасы мен тиімділігі болып табылады.

5) *эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:*

Эмитенттің қызметі лицензияланбайды. Эмитенттің зерттеуге және әзірлемеге шығыны жоқ, оның ішінде Эмитент демеулік көрсететін зерттеу әзірлемелері.

6) *эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;*

Эмитент шикізат (жұмыстар, қызметтер) жүзеге асырмайды.

7) *оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:*

Эмитент Эмитент қызметін тоқтату немесе өзгерту, Эмитенттен ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатыспайды.

8) *эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.*

Жоқ.

24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Эмитенттің өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнынан 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын көлемде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тұтынушылары мен жеткізушілері жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

Эмитенттің активтердің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын активтері жоқ.

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

- 1) *эмитенттің алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы;*
- 2) *тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.*

Эмитенттің Эмитент активтерінің баланстық құнынан 10 (он) және одан астам пайыз көлеміндегі дебиторлық берешегі жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

- 1) *эмитент кредиторларының атауы;*
- 2) *тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.*

Эмитенттің Эмитент активтерінің баланстық құнынан 10 (он) және одан астам пайыз көлеміндегі кредиторлық берешегі жоқ.

28. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

	31.12.2017	31.12.2018	30.06.2019
Левередж	-*	-*	0

*Жоқ, себебі Эмитент 2019 жылғы 28 ақпанда тіркелген

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

Жоқ, себебі Эмитент ағымдағы жылы - 2019 жылғы 28 ақпанда тіркелген.

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):

- 1) *әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;*
- 2) *орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);*
- 3) *егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;*
- 4) *сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар;*
- 5) *бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.*

Эмитент бұдан бұрын борыштық бағалы қағаздар шығарылымын тіркеген жоқ.

11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) *эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүлктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықты алу құқықтары;*

- 2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары;
- 3) өзге құқықтар.

Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) эмитенттен осы проспектіде қарастырылған облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша олардың номиналды құнынан бекітілген пайызды немесе өзге мүліктік құқықтарды осы проспектіде көзделген мерзімде және көлемде алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және сәйкес Эмитент қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайда Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- 5) Осы проспектіде көзделген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін сату және өзге түрде иелену құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алу талабының құқығы.

Облигациялар ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу талабына құқықтарын іске асыру талаптары, тәртібі мен мерзімі:

- а) Егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 бабының 2 тармағында белгіленген кез-келген талапты бұзған және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, Облигацияларды ұстаушылар оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу құқығын талап етуге құқылы.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 бабының 2 тармағында белгіленген кез-келген талаптарды бұзған жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың жоғарғысы бойынша сатып алуға міндетті: (i) жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы; (ii) Облигациялардың әділетті нарықтық бағасы.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 бабының 2 тармағында және 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасында көзделген сатып алу негіздерінің кез-келгені туындаған жағдайда, Эмитент аталған негіздер туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға Облигацияларды сатып алу үшін негіздің туындағаны туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитариінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және «Юридическая газета» бұқаралық ақпарат құралында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлауға міндетті. Осы ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысы орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты құрау керек.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алынуға мәлімделген Облигациялар санын көрсетумен сатып алу туралы жазбаша өтінішті беруге, ал Эмитент қабылдауға міндетті.

Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы ең болмағанда бір жазбаша өтініш алған жағдайда сатып алуға жазбаша өтінімдер қабылдау кезеңінің

соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төмендегі туралы шешім қабылдауға міндетті:

- ✓ Облигацияларды сатып алу;
- ✓ Облигацияларды сатып алу;
- ✓ Облигациялар сатып алынатын баға;
- ✓ Сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ Есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алған жағдайда оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялар үшін төлем ретінде ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі.
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге шешімдер.

Эмитент Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешімінің қабылдану күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитариінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлауға міндетті. Жарияланған мәліметтер мына мәліметтерді құрау керек:

- Облигациялар сатып алынатын баға, осы бағаны есептеу тәртібін көрсетумен;
- Облигациялар сатып алынатын баға, осы бағаны есептеу тәртібін көрсетумен;
- Сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алу күні;
- Есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алған жағдайда оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялар үшін төлем ретінде ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге шешімдер.

Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысымен айқындалған сатып алуды жүргізу күні Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдау туралы ақпараттық хабарламаны жариялау күнінен кейінгі 30 (отызыншы) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізілу керек

- б) Эмитентте осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы туындаған жағдайда.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу талабына өз құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімі осы проспектінің 32 тармағында көрсетілген.

- в) Эмитент осы проспектіде көзделген мерзімдерде ковенанттардың (шектеулердің) кез-келгенін бұзған және бұзушылық туындаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылар осы проспектінің 12 тармағында көзделген талаптарда, мерзімде және тәртіппен өздеріне тиесілі Облигациялардың сатып алынуын талап етуге құқылы.

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайда Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт (бұдан әрі - “Дефолт оқиғасы”) жариялануы мүмкін оқиға Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақысын төлеу міндеттемелерін осы проспектіде негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақысын төлеу үшін белгіленген мерзімде ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу ақшалай міндеттемесін орындау күні (нақты төлем күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып, әрбір кешіктірілген күн үшін (тұрақсыздықты есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады) Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер осы орындамау еңсерілмейтін күш салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жайттары ретінде туындауын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жайттарды түсінуге болады (табиғат құбылыстары, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органның тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.). Еңсерілмейтін күш жайттары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жайттар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарды Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптар бойынша жүзеге асырылатын болады.

Эмитент Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушыларға осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәсілдерді қолданумен және мерзімде, тәртіппен хабарлайды.

Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күні ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын жүргізу күніне дейін Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алуға мәлімделген санын көрсетумен, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының туындауы туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, эмитент дайындаған өзінің төлеуге қабілеттігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту мәселесі ену керек, ол Облигациялар көлемін немесе ұстаушылармен төлеуге мәлімделген Облигациялар бойынша талап ету құқығын және (қажет болса) осы проспектіге ықтимал өзгерістер жобасын ескере отырып дайындалу керек.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын жүргізу қорытындылары бойынша төлеуге қабілеттілікті қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмесе

және Эмитенттің төлеуге қабілеттігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ Эмитент борышқордың кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмаған кезде туындайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін, заңнамада көзделген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш сомаларын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша және Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштері бойынша Облигацияларды сатып алу міндеттемелерін орындамаса, Эмитент пен Облигацияларды ұстаушылардың одан арғы іс-қимылдары немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкротқа ұшырау саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлеуге қабілеттігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмесе, эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды ұстаушылармен ұсынылатын құқықтарды ескере отырып, төлеуге қабілеттігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаған міндеттемелердің себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған кезде, Эмитент осындай Дефолт оқиғасые тудырған себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитариінің (www.dfo.kz) және “Қазақстандық қор биржасы” АҚ-тың (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлауға міндетті. Жарияланған мәліметтер мына мәліметтерді құрау керек. Жарияланған мәліметтер келесі мәліметтерді құрау керек. Ақпараттық хабарлама келесі мәліметтерді құрау керек:

- ✓ Дефолт оқиғасын тудырған себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ Орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талапен жүгіну тәртібін және мерзімін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын атау;
- ✓ Эмитент Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар,
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналыс жүргізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуын тапсыру көзделмеген.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (ондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі.

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлға жоқ.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу үшін қажетті ақшалай қаражат көздерінің және ағындарының болжамы осы проспектіге №1 қосымшада келтірілген.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер, сондай-ақ эмитенттің бұл жағдайда болжалды әрекеттері келтіріледі:

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған орай, Эмитенттің қызметіне байланысты салалық тәуекелдер ішкі нарықта қызмет ету кезінде туындайды. Эмитенттің қызметіне қатысты болатын аса маңызды тәуекелдер арасында мыналарды көрсетуге болады:

- Нарықтағы бәсекелестікті күшейтуге байланысты тәуекелдер;
- Клиенттердің несиеге қабілеттігін өзгерту (клиенттер санының азаюы нәтижесінде жасалатын мәмілелердің көлемін өзгерту);
- Жалпы макроэкономикалық конъюнктураның ықпалымен Эмитенттің қызметіне сұранысты өзгерту (сұранысты өзгерту есебінен);
- Елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты тәуекелдер;
- Жылжымайтын мүлікті жалға алу бойынша мөлшерлемелердің ықтимал өсуіне байланысты тәуекелдер (клиенттер тарапынан Эмитенттің қызметіне сұраныстың төмендеуі);
- Жылжымайтын мүлікті жалға беру бойынша мөлшерлемелердің өсуінің төмендеуіне байланысты тәуекелдер (Эмитент табысының төмендеуі).

Эмитент осы проспектіні бекіту күні сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өз қызметінде қолданатын шикізатқа, қызметтерге бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады:

Эмитент өзінің қызметінде шикізатты пайдаланбайды, ал өзіндік құн құрылымындағы жақтық ұйымдар тұтынатын қызметтер үлесі айтарлықтай емес, сондықтан шикізат пен қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер жоқ және олар Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауға әсер етпейді.

Эмитент осы проспектіні бекіту күні сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады:

Ішкі нарықтағы эмитент қызметтеріне бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестер әрекетімен және қорландыру құнының жоғарылауымен шартталуы мүмкін, бұл жалпы жалға берілетін жылжымайтын мүлік нарығының пайыздың маржасының және тиісінше Эмитент мәмілелері бойынша табысының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Эмитент бұл тәуекелдің өз қызметіне ықпалын және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің орындалуын жоғары емес деп бағалайды. Бұл тәуекелді төмендету мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін

жоғарылату және қорландыру құнының төмендеуі бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Эмитент осы проспектіні бекіту күні сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

- 2) *қаржы тәуекелдері - эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды:*

Эмитенттің қызметі қаржы нарықтарының экономикалық жағдайы мен конъюнктураның өзгеруіне тәуелді. Эмитенттің қызметіне ықпал етуі мүмкін тәуекелдерге мыналар жатады:

- Кредиттік тәуекел;
- Валюталық тәуекел (шетел валюталарын айырбастау бағамының жағымсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- Пайыздық тәуекел (пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- Нарықтық тәуекел (бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағаның жағымсыз өзгеруіне байланысты тәуекел).

Эмитенттің қызметі контрагенттің жасалған мәміле бойынша Эмитент алдындағы өз міндеттемелерін уақытында және толық көлемде ықтимал орындамауы салдарынан немесе контрагенттің тиісті орындалуы Эмитенттің тиісті міндеттемесімен қамтамасыз етілетін міндеттемелерді орындамауы салдарынан кредиттік тәуекелге шалдыққыш. Клиенттердің Эмитент алдындағы өз міндеттемелерін уақытын орындауға қабілетсіздігі дебиторлық берешектің жоғарылауына және күмәнді берешектің туындауына және таза кірістің азаюына әкелетін резервтің есептелуі қажеттігіне әкелуі мүмкін. Эмитент бұл тәуекелді төмендету мақсатында клиенттердің қызметін тұрақты түрде талдайды.

Валюталық тәуекел шетел валютасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға ықпал ететін шетел валютасына қатысты теңге бағамының жоғары құбылмалылығына байланысты (ең алдымен, АҚШ доллары және еуро). Эмитенттің қаржылық жағдайы, оның тиімділігі, қаржыландыру көздері, Эмитент қызметінің нәтижелері шетел валютадағы келісім-шарттар мен кредиттердің жоспарлы маңызды емес болуына байланысты валюталық бағамның өзгеруінің маңызды емес тәуекеліне шалдыққан. Эмитент валюталық бағам өзгерістерінің ықпалын төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдайды, оның ішінде тартылған және орналастырылған қаражаттардың құрылымын тиімді басқарады.

Эмитенттің қызметі пайыздық тәуекелге шалдыққыш, ол көбіне сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Эмитент қарыз ақшалай қаражаттарға пайыздық мөлшерлеменің күрт өзгеруі кезінде жоғары тиімділігі бар бағыттардың басым қаржыландырылуын ескере отырып, тартылған қаражаттардың бөліну құрылымын қайта қарастыруды жоспарлайды. Осыған орай пайыздық мөлшерлеменің қысқа мерзімді келешекте өсуі Эмитенттің төлеуге қабілеттігіне айтарлықтай әсер етпеу керек.

Эмитент нарықтық конъюнктураның жалпы және ерекше тұрақсыздығына және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне тәуелді болатын пайыздық, валюталық, қарыздық, үлестік және туынды қаржылық құралдар бойынша ашық нарықтық позиция нәтижесінде нарықтық тәуекелге шалдығуы мүмкін. Бұл ретте Эмитенттің осы проспектіні бекіту күні жоғарыда көрсетілген қаржылық құралдар бойынша ашық ұстанымы жоқ. Эмитент бұл тәуекелді маңызды емес деп бағалайды.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік

орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Эмитенттің қызметі Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдерге шалдығады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі:

Қаржылық тәуекелдерге көбіне Эмитенттің міндеттемелері (қарыздар, кредиторлық берешек) , сондай-ақ Эмитенттің жекелеген активтері шалдыққыш (жылжымайтын мүлікке инвестициялар, дебиторлық берешек). Қаржылық тәуекелдің туындау ықтималдығы Эмитентпен маңызды емес деп бағаланады, себебі Эмитент бұл тәуекелдердің Эмитент қызметіне және қаржылық жағдайына ықпалын мониторингтеу, бақылау және төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылды қабылдауды жоспарлайды.

3) *құқықтық тәуекел - Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің мыналардың:*

Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі:

Эмитент құқықтық тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы салдарынан шығынның туындау тәуекелі ретінде айқындайды, оның ішінде:

- а. Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі;
- б. Эмитенттің өз қызметі мен ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерістеріне сәйкестендіру қабілетсіздігі.

эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары:

Эмитентке лицензияланатын қызметке байланысты тәуекелдер тән емес.

эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы салдарынан шығынның туындау тәуекелі ретінде айқындайды, оның ішінде:

- а. Эмитенттің, клиенттер немесе контрсеріктестердің шарт талаптарын бұзуы;
- б. Құқықтық жүйенің жетілмегендігі (жеткілікті құқықтық реттеудің болмауы, өзгерістерге шалдығуы, оның ішінде мемлекеттік реттеу және (немесе) қадағалау әдістерінің жетілмегендігі бөлігінде өзгерістерге шалдығуы, келіссөздер арқылы жекелеген мәселелерді шешу мүмкінсіздігі және нәтижесі ретінде - оларды реттеу үшін сот органдарына хабарласу.

қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды:

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы салдарынан шығынның туындау тәуекелі ретінде айқындайды, оның ішінде:

- в. Эмитент жұмысшылары немесе басқару органдарының әрекеттері салдарынан қызметтегі құқықтық қателіктерге әкелетін құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;

- г. Эмитенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес келмеуі;
- д. Қазақстан Республикасының заңнамасын қадағаламауы, оның ішінде контрсеріктестерді сәйкестендіру және зерттеу, пайда алушыларды белгілеу және сәйкестендіру (пайдасына клиенттер әрекет ететін тұлғалар);
- е. Жаңа қызметтерді әзірлеу және енгізу кезінде құқықтық мәселелер мен операцияларды және басқа мәмілелерді жүргізу талаптарын, қаржылық инновациялар мен технологияларды жеткілікті өндемеу.

Құқықтық тәуекел Эмитенттен орташа болып бағаланады, сондықтан бұл тәуекелді тиімді басқару Эмитенттің тәуекелдерін басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

- 4) *іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі:*

Эмитенттің қызметінде эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелі бар.

Эмитент бұл тәуекелді маңызды емес деп бағалайды, себебі Эмитент іскерлік беделді алу мақсатында:

- Эмитенттің контрагенттермен міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- Клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және өзге мүдделі тараптарға берілетін қаржы есептілігі мен өзге жарияланатын ақпараттың дұрыстығын бақылайды;
- Жыл сайын аудиттен өтеді;
- Клиенттер мен контрагенттердің іскерлік беделін мониторингтейді;
- Қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың қадағалануын бақылау;
- Қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

- 5) *стратегиялық тәуекел - эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал катерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының жоқтығын немесе толық көлемде қамсыздандырылмағанын көрсететін тәуекел:*

Эмитенттің қызметінде эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал катерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру

шараларының жоқтығын немесе толық көлемде қамсыздандырылмағанын көрсететін тәуекел бар.

Эмитент бұл тәуекелді маңызды емес деп бағалайды, себебі стратегиялық шешімдердің тиімді бағалануы мен іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасы қолданылады, оның ішінде компанияның ағымдағы жағдайы, қызметінің басым бағыттарын айқындау, стратегиялық жоспарларды әзірлеу, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылау. Эмитенттің стратегиясында айқындалған, қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру барысында Эмитенттің стратегиялық жоспарлары және/немесе қызметіне қандай да бір сегментте болжалды мәннен есептік критерийлердің ауытқуын анықтаған жағдайда, сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюнктурасының өзгерістерінің әсерімен түзету енгізуі ықтимал.

- 6) *эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел - тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, соның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер:*

эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығы:

Эмитент лицензияланатын қызметті жүзеге асырмайды.

эмитенттің үшінші тұлғалардың, соның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша мүмкін жауапкершіліктері:

Осы проспектіні бекіту күні Эмитент үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша жауапкершілік көтермейді. Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ.

айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы:

Осы проспектіні бекіту күні Эмитенттің айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 (он) пайызы келетін тұтынушылары жоқ,

- 7) *елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды:*

Осы проспектіні бекіту күні Эмитенттің контрагенттері-бейрезиденттері жоқ.

- 8) *операциялық тәуекел - эмитенттің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды:*

Эмитенттің қызметінде эмитенттің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелі бар.

Операциялық тәуекелдің Эмитент үшін маңызы орташа, себебі ол Эмитент қызметінің барлық қызмет бағыттарына, процестер мен жүйелерге тән, сондықтан операциялық қызметті тиімді басқару Эмитент тәуекелдерін басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

- 1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер, эмитенттің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі атап көрсетіледі;
- 2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, бұл жағдай атап көрсетіледі және мұндай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтарға, консорциумдерге қатыспайды.

Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтарға, консорциумдерге тәуелсіз.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;
- 2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;
- 3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 35-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

- 1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;
- 2) эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитент жарғылық капиталдың он және одан артық пайызына ие ұйымдар жоқ.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

- 1) эмитентке және (немесе) эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) берілген жағдайда эмитентке белгілі әрбір кредиттік рейтингтер бойынша соңғы аяқталған үш есепті жыл үшін, ал егер эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса - әрбір аяқталған есепті жыл үшін:

кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары);

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні;

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы аяқталған үш есепті 3 (жыл) үшін, ал егер эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса, кредиттік рейтингтің мәнін және кредиттік рейтингтің мәні берілген (өзгерген) күнін көрсете отырып, уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы әрбір аяқталған есепті жыл үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы.

кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі;

- 2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (код ISIN) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі.*

Эмитентке кредиттік рейтингтер тағайындалған жоқ.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;*
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;*
- 3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.*

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылады, осыған орай Облигация ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлем агентінің толық атауы;*
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректері;*
- 3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.*

Төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақы мен номиналды құнын төлеу Эмитенттің өзімен жүзеге асырылады.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- 1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:*

«Қазкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Қазкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес ұйымы).

- 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:*

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 240г, «CDC 1» бизнес орталығы, 10-11 қабаттар. Телефон: +7 (727) 244 65 05.

- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.*

2019 жылғы 04 сәуірдегі №01/19 / 06-35 Қаржы консультанты және андеррайтер қызметтерін көрсету туралы шарт.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер жоқ.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

- 1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));
- 2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Эмитент қаржылық есептілігіне аудит жүргізген жоқ.

